

«ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР» МОНУМЕНТІНЕ ГҮЛ ШОҒЫН ҚОЮ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСТЫ

Мемлекет басшысы Ұлы Отан соғысы қаһармандарының рухына тағзым етіп, монументке гүл шоғын қойды.

Салтанатты шара соңында Елбасы «Студенттер» саябағындағы патырлар қалашығына барды және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері алдында сөз сөйледі.

Нұрсұлтан Назарбаев соғыс ардагерлеріне алғыс айтып, оларды құттықтады, сондай-ақ жауға қарсы күресте көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығын атап өтті.

— Соғыс ардагерлері біздің бақытты өмірімізге, тәуелсіздігімізге және аспанымыздың ашық болуына жол ашты. Біз бүгін «Отан қорғаушылар» монументіне гүл шоғын қойып, халқымыздың майдандағы және тылдағы қаһармандығы мен еңбегіне деген зор құрметімізді білдіреміз, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихында ондаған миллион адамның өмірі қиылған ең қанқұйлы соғыс болғанын айтты.

— Қаза тапқандардың қатарында қазақстандықтар да болды. Республикамыздың 6 миллион халқының 20 пайызы майданға аттанды. Олардың жартысы қайта оралған жоқ, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы Жеңістің Қазақстан тәуелсіздігі тарихындағы маңызды рөліне тоқталып, оған ел халқының бірлігі арқасында қол жеткізілгенін атап өтті.

— Біздің ардагерлерге деген құрметіміз олардың ұлы ерлігінен кем түспейтін. Жеңіске ең алдымен еліміздегі барлық халықтың бірлігінің, бауырмалдығының және достығының нәтижесінде қол жетті. Біз қазір де осы ұранмен өмір сүріп келеміз, — деді Қазақстан Президенті.

Соңында Мемлекет басшысы барша қазақстандықтарды Жеңіс күнімен тағы да құттықтап, зор денсаулық және бақ-береке тіледі.

7 мамыр күні Мемлекет басшысы Отан қорғаушы күніне және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 25 жылдығына арналған әскери парадқа қатысты.

Елбасы барша қазақстандықтарды және парадқа қатысушыларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 25 жылдығымен құттықтады.

Нұрсұлтан Назарбаев биыл ел тәуелсіздігі тарихындағы ең ауқымды парад өткізіліп отырғанын, сондай-ақ Қазақстан армиясы қалыптасудың лайықты жолынан өткенін және оның беделі жоғары екенін айтты.

— Парадқа бес мыңнан астам адам және 400 әскери техника қатысуда. Бұл айбынды армиямыздың даңқы асқақ және мақтан тұтуға тұрарлық екенін көрсетеді. Осы жылдарда мемлекет әскерілерге жан-жақты қолдау білдіріп келеді. Алғашқы әскери құрылымдардан бастап қауіпсіздіктің тиімді жүйесін құруға дейінгі ауқымды жолдан өттік. Мемлекеттің қалыптасуының күрделі кезеңінде Қазақстан армиясы өзінің алдына қойылған міндеттерді абыроймен атқара білді. Қарулы Күштеріміз ел ішінде және шет елде жоғары беделге ие болды, — деді Қазақстан Президенті.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы армияны жаңғыртудың басымдығы бар бағыттарына тоқталып, оны әрі қарай дамыту міндеттерін анықтап берді.

— Бүгін Қарулы Күштер елімізбен бірге жаңғырудың тарихи кезеңін бастан өткеруде. Терроризммен күрес барлық күш құрылымдары қызметінің мүлде жаңа бағыты болып табылады. Қазақстан армиясы сакадай сай болып, кез келген қауіп-қатерге дайын тұруға тиіс. Тағы бір негізгі міндет — жеке құрамды нығайту. Біз әскери қызметшілердің жаңа буынын тәрбиелеудеміз. Әскери киім киген адамдар мінсіз абырой мен әділдіктің эталоны, болашақ ұрпақтар үшін үлгі болуға тиіс. Мерекелік парадқа Қарулы Күштеріміздің резерві болып саналатын «Жас ұлан» әскери мектептері курсанттарының тұңғыш рет қатысып отырғаны



АЙБЫНДЫ ӘСКЕРИ ШЕРУ



кездейсоқ емес. Бұл — армия дәстүрі мен құндылықтар сабақтастығының жарқын белгісі, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті бүгінгідей бейбіт өмір сыйлап, тәуелсіз әрі мықты мемлекет құруға жол ашқаны үшін Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне алғыс айтты.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Қазақстанда бейбітшілік

пен тұрақтылықты сақтаудың маңыздылығына тоқталып, Отанымыздың қауіпсіздігін тек армия ғана емес, еліміздің барлық азаматтары да ойлауға тиіс екендігін атап өтті.

— Біз барлық көршілерімізбен доспыз және «Бейбіт бір ғана келісім жүзеге асырған» деген өнегелі өсиетті есте ұстауымыз керек. Сондықтан басты құндылықтарымыз — бейбітшілік,

келісім және бірлік дәстүрін ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып келеміз. Қарулы Күштер әрқашан да тәуелсіздігіміздің басты тірегі болып қала береді, — деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Соңында Қазақстан Президенті әскери қызметшілердің қасиетті парызын еске салып, оларды кәсіби деңгейін арттыруға, әскери ынтымақ пен бірлікті нығайтуға шақырды.

«ҰЛЫ ЖЕҢІС – ҰРПАҚҚА АМАНАТ»

Өткен сенбіде А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде 7 мамыр — Отан қорғаушы күні және Ұлы Жеңіс күніне арналған «Ұлы Жеңіс — ұрпаққа аманат» атты мерекелік салтанат өтті. Шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысып, жиылғандарды құттықтады.

айыбын асқақтатар сардарларымыз бен сарбаздарымызға қандай құрмет көрсетсек те жарасады. Қай заманда болмасын, ата-бабамыз от пен оққа оранып, жанын қиса да арын сатпаған. Ұлы Отан соғысында қаншама қазақстандық сол кездегі ортақ Отан үшін опат болды, қаншасы майданнан жараланып

қамы үшін жанын берер азаматтарымыз бүгінгі күні де аз емес. Отан Бауыржан Момышұлының «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деген сөзін ұран етіп қабылдауда. Тәуелсіздігіміз бен тірлігімізді, тыныштығымыз бен бейбітшілігімізді қас қақпай күзетіп, халқымызға құрылған ұлттық әскеріміздің айыбын арта берсін! Бар өмірін әскери іске арнап, өз қызметін мінсіз атқарып жүрген сардарларымыз бен сарбаздарымызға алғысымызды білдіреміз, — дей келе, жылы лебізін білдірді.

Сондай-ақ, жиылғандар майданнан оралмаған жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алды.

Онан әрі Сыр өнерпаздарының орындауында соғыс жылдарындағы әндерден попурирге кезек берілді. «Сыр сұлуы» халық би ансамблі «Солдат биін» тарту етсе, «Эхо любви», «Ойлан», «Сарбаздар әні», «Айбынды армия» «Темная ночь», «Тос мені, тос» және «Ехал я из Берлина» әндері шара мазмұнын аша түсіп, жиылғандарға мерекелік көңіл күй сыйлады. Салтанатты шара Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері Елена Әбдіхалықованың шырауындағы «Аманат» және «Қазақ елі» әндерімен аяқталды.

Айнұр БАТТАЛОВА.
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).

ЕЛ ЕРЛІККЕ БАС ИДІ

— Ұлы Жеңістің 72 жылдығын тойлай отырып, біз оның қандай қиындықтармен келгендігін ешқашан естен шығармауымыз керек. Біз соғыс даласында көз жұмғандар мен осы күнді аңсап кеткендерге тиісті құрмет көрсетеміз. Жеңіс күнін тойлаумен бірге, соғыс даласында жанқиярлықпен ерлік көрсеткен, тылда, зауыт, колхоз, фермаларда, ғылыми зертханаларда аянбай еңбек еткендердің рухына басымызды иеміз, — деді облыс әкімі.

Иә, ел тарихында қасіретті таңбасын қалдырған екінші дүниежүзілік соғыстың Жеңіспен аяқталғанына биыл 72 жыл толды! Осынау уақыт аралығында қоғамда төртінші буын ұрпақ алмасты. Дегенмен, сұм соғыстың салған қайғы-қасіреті аға ұрпақ өкілдерінің санасынан өшпейді. Тіпті жылдар өткен сайын Отан үшін от кешкен бабаларымыздың ерліктері еселеніп, абырой-даңқтары арта түскендей. Мереке қарсаңында өңіріміздегі 51 соғыс ардагері мен 5903 тыл еңбеккерлері мемлекет тарапынан сый-құрметке бөленді.

Мерекелік шара соңында соғыс, тыл және еңбек ардагерлеріне арнайы тігілген шатырларда «солдат демі» ұсынылды.

Ғазиза ӨБІЛДА.
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).



— Халқымыз «Ер — елдің қорғаны» десе, қос мерекенің қатар келуі де зандылық тәрізді. Әрине, кешегі майдангерлеріміз бен бүгінгі әскеріміздің

келді. Сондықтан да бұл жеңіс біз үшін аса қымбат. Кешегі өткен Жалаңтөс баһадүрдей, Жанқожа және Бұқарбай батырлардай елі мен жері үшін, халқының



ТОЛЫП АҚҚАН, ТОЛҚЫП АҚҚАН СЫРДАРІЯ ЖАҢА ӘНГЕ АРҚАУ БОЛМАҚ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев белгілі композитор, музыкатанушы, Қазақстан мен Қырғызстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Илья Жақановты қабылдады. Бүкіл ел сүйіп тыңдайтын «Жайлауқөл кештері», «Еділ мен Жайық», «Алматы кешінде», «Есіл бойы» сияқты бірнеше сырлы әндердің авторы жасы ұлғайса да, шығармашылықтан қол үзген жоқ.

Өнердің тылсым сырына қанығу үшін музыкамен бірге прозаны, суретшілікті қатар алып келеді. «Қайта оралған әні», «Қош бол, вальс», «Кертөлғау» сияқты повестері мен романына өнер адамдарының өмірін арқау еткен. Сонымен қатар ұлттық өнердің бағын жандырып, даңқын асырған ұлы өнерпаздар жайында ғұмырнамалық еңбектер, деректі шығармалар жазды. Бала күнгі арманы суретшіліктен де қол үзбей, 78 жасында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің көркемсурет факультетін бітірді.

Қабылдаудан соң композитор журналистерге сұхбат берді.

— Қызылордада бұрын да бірнеше рет болғанмын.

Қаланың дамуы мен өркендеуіне, тынысының кеңейіп, қанат жайғанына көңілім толды. Ұлттық колориті басым безендірулер, жаңа ғимараттар мен даңғылдар ерекше көзге түсті. Жаңа қала құрылысы жүретін аумақты, Сырдың жағалауын араладым.

Мен қазақ даласының өзендерін, дариялары мен көлдерін әнге қосқан адаммын. Сырдарияның толып, толқып ағып жатқанын көріп, шабыттандым. Аймақ басшысымен кездесуде шығармашылығымдағы жаңалықтарды айттым. Менің «Есіл бойы», «Оралдың ерке самалы», «Ағады Жайық, ағады» деген әндерді жазуыма Қырымбек Елеуұлы ықпал еткен. Осы әндер шырқалған сайын руханият жанашырына алғысымды білдіріп отырамын. Кездесу барысында облыс әкімі рухани жаңғыру тұрғысында Сыр бойында атқарылуы жоспарланған жұмыстар бағытына тоқталды. Аймақтың тыныс-тіршілігі жайлы толымды ақпарат берді. Қызылордадан алған әсерім, елдің жағдайы, жаксы адамдардың ықыласы, қаланың сәулеті «Сырдария» деп аталатын жаңа әнге арқау болады, — деді композитор.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ — МЕМЛЕКЕТШІЛДІК МЕКТЕБІ

12-13 мамыр күндері Қызылордада І-ші аймақтық жас мемлекеттік қызметшілер слеті өтеді. Шараны ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті мен облыс әкімдігі ұйымдастырып отыр. Мақсат — мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыру, жас мамандарды ынталандырып, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 2-бетіне да көрсетілген кәсіби мемлекеттік аппарат құруға жұмылдыру.

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕССИЯСЫ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 13-сессиясы 2017 жылғы 16 мамырда сағат 15:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Сұлтан Бейбарыс к., 1) мәжіліс залында ашылды және сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. «2017-2019 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №71 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

2. Қосымша мәселелер.

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы 2017 жылғы 16 мамырда сағат 10-00-де өткізіледі.

Облыстық мәслихат.

● ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 72 ЖЫЛ

АРДАГЕРДІ АРДАҚТАДЫ

Женіс күні мерекесі қарсаңында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Ұлы Отан соғысының ардагері Әдірауық Сатыбалдиевтің шаңырағына құттықтап барды. Бүгінгі ұрпақтың бейбіт те берекелі тірлік кешуі үшін жаудың оғын кеудесімен тоқтатқан батырлар ерлігі қашан да үлгі. Ел басына күн туған сәтте оттың ортасында қан кешкен карт майдангер биыл 92 жасқа толады.

БЕЙБІТ ӨМІР СЫЙЛАҒАН ҰЛЫ ЖЕҢІС

Келер ұрпаққа бүгінгі бейбіт өмірді тарту еткен Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлерінің ерен ерлігі қашанда үлгі, өнеге. Осы орайда, облыс әкімдігінің қолдауымен қала орталығындағы «Астана» мейрамханасында Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне арналған мерекелік дастархан жайылды.

Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасарлары Қуаныш Ыскаков пен Руслан Рүстемов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбек Шаухаманов қатысып, карт майдангерлерді Жеңістің 72 жылдығымен құттықтап, соғыс жылдарындағы ерен ерліктері үшін алғыс айтты.

– Қадірлі ардагерлер, ардақты ағалар, ақ жаулықты аналар сіздерді облыс әкімі Қырымбек Елеуұлының атынан Ұлы Жеңіс мере-



кесімен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер. Бүгін біз Жеңістің 72-ші бейбіт көктемін қарсы алып

біледі. Себебі бұл мереке – жанқияр ерліктің, еңселі елдіктің рухы өрлеген күн. Отты жылдардағы ерлік істеріңіз бен соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру жолындағы қажырлы еңбектеріңіз – өшпес өнеге, өлмес мұра, келер ұрпақ ұлағат алар баға жетпес байлық, – деді Қ.Ыскаков.

Сондай-ақ, мерекелік бағдарлама аясында Үміт Медеуова, Шолпан Бейімбетова, Самал Байсейітова, Жалын Жүсіп секілді жергілікті өнерпаздар Ұлы Жеңісті паш еткен әндерді шырқап, жауынгер ағалар бір серпіліп қалды. Барлық ардагерлерге лайықты құрмет көрсетіліп, сый-сияпат жасалды. Осылайша, жайылған ақ дастархан тек ыстық ілтипат пен ізгі ниеттерге толы болды.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ.

ОТАНШЫЛДЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕЙДІ

Орталық алаңда «Елім деп соғар жүрегім» атты жалпыреспубликалық жастар флешмобы өтті.

Отан қорғаушылар мен Жеңіс күніне, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің 25 жылдығына орай

ұйымдастырылған шараға 100-ге жуық әскери-патриоттық қауымдастық пен жастар ұйымдарының белсенділері қатысып, қаз-қатар сап түзеді, патриоттық әннің сүйемелдеуімен бір сәтте «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне – 25 жыл» жазуын бейнеледі.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай шаралар жас ұрпақты отансүйгіштікке баулып, оларды азаматтық-патриоттық рухта тәрбиелеуді көздейді. Флешмоб қатысушылары да көңілді шарадан табылғанына қуанышты екенін айтады.

М.СЫРЛАН.



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ — МЕМЛЕКЕТШІЛДІК МЕКТЕБІ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН НЫҒАЙТУДАҒЫ ҚАДАМ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев айқындаған институттық реформалар аясында ең бірінші кезекте заманауи, кәсіби және автономдық мемлекеттік аппарат қалыптастыру жүктелді. Әлемнің бәсекеге қабілетті 30 елінің қатарынан көріну үшін бұл өте өзекті. Мемлекеттік қызметті дамыту – Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтып, қоғам мен мемлекетті түбегейлі өзгертуге, әрісі жаһандық және ішкі сын-кәтерлерге қарсы атқарылатын ауқымды міндеттердің сапалы атқарылуына қатысты салмақты саясаттың көрінісі.



Егемен еліміз ТМД аумағында алғашқылардың бірі болып мемлекеттік қызмет туралы заңнама қабылдап, қызметтік мансап жүйесін қолданасықа енгізді. Әкімшілік және саяси мемлекеттік қызметшілердің кадрлық резервін құрып, мемлекеттік қызметшілерді кәсібилендіру жөніндегі шараларды іске асырды. ҚР Президентінің 1995 жылғы 26 желтоқсандағы «Мемлекеттік қызмет туралы» Заң күші бар Жарлығы тәуелсіз Қазақстанның кәзіргі заманғы мемлекеттік қызмет жүйесін институттандырудың бастауы ретінде мемлекеттік басқару жүйесінің кадрлық ұйытқысын сақтауға мүмкіндік берді. Мемлекеттің маңызды институты ретінде мемлекеттік қызметтің даму негізін қалады.

1997 жылы мемлекеттік дамудың узақмерзімді басымдығы ретінде кәсіби үкімет құруды айқындап берген «Қазақстан-2030» стратегиясы мемлекеттік қызметті дамытудағы келелі кезең болды. 1998 жылғы 18 қыркүйекте мемлекеттік қызмет саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асырушы, ҚР Президентіне тікелей бағынышты және есеп беретін ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі құрылды.

«Қазақстан-2030» стратегиясына сәйкес 1999 жылы ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы қабылданды. 2000 жылы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді аттестациядан өткізу тәртібі мен талаптарын айқындаған ҚР Президентінің «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» Жарлығы қабылданды. Осы жылы мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы ереже бекітілді, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ақпарат және тәстілеу орталығы құрылды. 2001 жылы еліміздің барлық облысында мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру орталықтары жұмысын бастады.

2003 жылы ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда мемлекеттік қызметші мен мемлекеттік қызмет саласындағы өкілетті органның келісімі бойынша конкурстан тыс ауысу тәртібі арқылы тағайындау мүмкіндігі туды. ҚР Президентінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі Жарлығымен агенттіктің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы Төртіптік кеңесі құрылды. Осы жылы ҚР Мемлекеттік қызметшілерінің «Ар-намыс кодексі» бекітіліп, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясы, ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Сот және Дипломатиялық академиясы қосылып, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына айналды.

2007 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен мемлекеттік қызметші лауазымдарының санаттар бойынша тізімі, келесі жылы тізімге сәйкестендіру мақсатында мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының санаттарына үлгілік біліктілік талаптары бекітілді. Осы кезеңде мемлекеттік кадр саясаты тұжырымдамасы әзірлене бастап, 2011 жылдың 21 шілдесінде Мемлекеттік қызметтің жаңа моделінің тұжырымдамасы бекітілді. Тұжырымдаманың басты принциптері ретінде қоғам алдындағы есептілік, меритократия және транспаренттік белгіленді.

ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР ЖЕМІСІ

Тәуелсіздік жылдары жүйелі жүргізілген реформалар нәтижесінде елімізде халықаралық сарапшылардың оң бағасын алған мемлекеттік қызмет моделі қалыптасты. Елбасы жыл сайынғы Жолдауларында мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру мәселесіне ерекше көңіл бөледі. Себебі мемлекеттік қызмет – адам өмірінің айнаымас бір бөлігі. Дамыған елдерде ол азаматтар мен мемлекет арасындағы әріптестік қарым-қатынастың барометрі саналады.

Сонғы жылдары елімізде мемлекеттік қызмет көрсету сапасында түбегейлі өзгерістер болды. Бұл жетістіктердің негізгі арқауы – Елбасы Н.Назарбаевтың мемлекеттік қызметтің кәсібилігін арттыруға және мемлекеттік қызметшілерді халыққа қызмет етуге бейімдеуге бағытталған саяси жігері. Қазақстандағы мемлекеттік қызмет реформасын жоғары бағалаған халықаралық сарапшылар «А» басқарушылық корпусының құрылуын және саяси мемлекеттік қызметшілер санының қысқартылуын меритократия принциптерін күшейту және мемлекеттік қызметті кәсібилендіру жолындағы маңызды шара деп санайды.

Бүгінгі таңда нормативтік-құқықтық база құрылды. 2012 жылы Мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заңы қабылданып, ол 2013 жылы күшіне енді. Мемлекет басшысының 14 Жарлығы, ҚР Үкіметінің 1 Қаулысы, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің 18 нормативтік-құқықтық актісі қабылданды. 2015 жылы «Е-қызмет» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі құрылды. Бұл жүйе онлайн режимінде мемлекеттік қызметшілерге



қатысты кадрлық ақпараттарлы алуға, кадр қызметтерінің жұмысын жетілдіруге мүмкіндік береді.

ҚР Президентінің 2016 жылғы Жарлығымен ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігі ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі ретінде қайта құрылды. Агенттіктің ведомствосында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы, облыстарда, Астанада және республикалық маңызы бар қалаларда аумақтық органдары бар.

Агенттіктің Қызылорда облысы бойынша департаменті ұсынған мәліметке сүйенсек, аймақтағы мемлекеттік қызметшілердің штат саны бүгінде 3760-ты құрап отыр. Олардың 7-і – саяси, 14-і – «А» корпусының және 3739-ы – «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері. Мемлекеттік қызметшілердің нақты саны – 3 619. Соның 93,3 пайызы (3375) жоғары білімді. Атап айтқанда, 36,7 пайызы (1 316) – экономистер, 20,7 пайызы (742) – заңгерлер, 19,9 пайызы (713) – техникалық мамандық иелері. Одан бөлек, ауыл шаруашылығы саласының 263 маманы (7,3 пайыз) мемлекеттік қызметте.

Зор жауапкершілік жүктейтін салада қызмет етіп жүрген әйелдердің үлесі – 46 пайыз (1 676). Соның 368-і түрлі башшылық лауазымда. Бес және одан да көп балалы 207 мемлекеттік қызметші бар. Сондай-ақ, 3 мемлекеттік қызметші екі және одан да көп баланы асырап алған. Олардың арасында 5 бала асырап алған кеңейілді, жоғарт жүректі жанлар да бар. Мемлекеттік қызметте жүріп спорт, өнер және мәдениет саласында айтулы жетістікке жеткен мемлекеттік қызметшілер де аз емес. Мұндай қызметшілердің нақты саны 50-ге жуықтайды, оның ішінде 5 адам «спорт шебері» атағын алған.

Қазіргі таңда білікті мемлекеттік қызметшілердің корпусын қалыптастырудың негізгі бір шарасы ретінде мемлекеттік

қызметке алғаш кірген азаматтарды қайта даярлаудан өткізу; мемлекеттік қызметте тұрақты қызмет етіп жүрген қызметшілерді жүйелі түрде біліктілігін арттырып отыру; сондай-ақ басшылық лауазымдарға алғаш қабылданған қызметшілерді қайта даярлау шаралары қолданылған. Еліміздегі мемлекеттік қызмет принциптерінің бірі мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруды үздіксіз жүргізу принциптерне негізделген. 2016 жылы мемлекеттік органдар бойынша өңірлік оқу орталығында 1 249 қызметші оқытылса, қыл басынан бері 296 қызметші оқытылған. Оның ішінде қайта даярлаудан – 57, ал біліктілігін арттыру курсы-тарынан 239 мемлекеттік қызметші өтті.

ЖАС КЕЛСЕ, ІСКЕ!

Мемлекеттік қызметтегі басты ұстаным – халыққа қызмет көрсету болуы тиіс. Өйткені халық қашанда бәрінен биік тұрады. Бұл салада еңбек ететін әрбір адам күн-жігерін халықтың игілігіне жұмсап, елге қолайлы жағдай тұғызғы керек. Осы орайда «Біз өзіміздің халықтың қызметшісі екенімізді ұмытпайық. Мансапқорлық көрсетпей, халыққа жақын, әр істе әділ болып, әрбір адамның мұн-мұқтажын қолдан келгенше түсініп, оны дәл сол кезде орындай алмасаң да түсіндіріп, дұрыс жауап беріп, шығарып салу – біздің парызымыз. Сонда әкімшілік те, мемлекеттік қызметкерлер де халыққа жақын болады» деген Елбасы сөзі әрбір мемлекеттік қызметші үшін, әсіресе, жастар үшін басты қағидаға айналуы тиіс.

Жалпы, кәзіргі кезде облыстағы мемлекеттік қызметшілердің 608-і немесе 17 пайызы 30 жасқа толмаған, яғни жастар. Осы санаттағы 25 адам бөлім басшысынан төмен емес лауазымдарды аркалап жүр. Жас мемлекеттік қызметшілерді қолдау, олардың кәсіби тәжірибесін, мемлекеттік қызметке қызығушылығын арттыру, мемлекеттік қызметтің он имиджін қалыптастыру мақсатында Сыр өңірінде айтарлықтай жұмыстар атқарылып келеді.

2016 жылы жас буындаы адамгершілікке, азаматтыққа, патриоттыққа тәрбиелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп кезінен қалыптастыру мақсатында «Адал ұрпақ» еріктілер клубтары құрылып, қауымдастықтың тұңғыш рет облыстық слеті өтті. Слет кезінде үздік шығарма жазудан, сурет салудан, бейнеролик түсіруден клуб мүшелері арасында сайыс ұйымдастырылып, жеңімпаздарға алғыс хаттар мен грамоталар табысталды. Айта кетейік, «Адал ұрпақ» еріктілер клубы облыстағы 284 мектепте жұмыс істейді. Оған 6 мыңға жуық оқушы мүше.



Сонымен қатар тәуелсіздіктің 25 жылдығы аясында жас мемлекеттік қызметшілер арасында облыстық «Жайдарман» ойыны өтті. Оған аудандар мен Қызылорда қаласы, облыс әкімдігі және аумақтық орган мамандарынан жасқаталған 10 команда қатысып, өзара бақ сынасты. Командылар екі кезең бойынша сынга түсті. «Сәлемдесу» кезеңінде ойыншылар өздерін әзіл арқылы таныстырса, «Үй тапсырмасын» орындау еркін тақырыпта өтті. Яғни, командалардың бірі қызықты бейнеролик ұсынды, ал кейбірі көрермендерді қойылымдарымен қуантты. Сайыс нәтижесі бойынша I орынды Шиелі ауданынан келген «Шиелі 88» команда-сы жеңіп алды.

«Мемлекеттік қызметшінің бір күні» шарасы мемлекеттік қызметте жүрген түрлі мамандық иелерінің күні қалай өтетініне, қауырт тірлікке қалай үлгеріп жүргеніне жауап іздеді. Шара аясында жастар мемлекеттік қызметте мол тәжірибесі бар, үлкен

жетістіктерге жеткен ардагерлерлердің өмір жолына үйіліп, бағыт-бағдар алды. Арнайы бейнебаяндар әзірленіп, әлеуметтік желілерде таратылды. Уақытпен санаспайтын жандардың кешегі һәм бүгінгі буыны осылайша өзара тәжірибе алмасып, жұмыстың қиындағын жеңіп, нәтижелі тұстарын көрсетті.

Мемлекеттік қызметшілер арасында спорттық шаралар да ұдайы өткізіліп тұрады. Оның ішінде спортқадалар салуатын өмір салтын таңдауға көмектесіп, патриоттық рухтың жеке үлгісіне дәлел бола алады.

Мемлекеттік қызметшілер – мемлекет дамуының қозғалышы күші. Қазіргі уақытта оларды әлеуметтік қорғау мен ынталандыруға ерекше көңіл бөлінуде. 2016 жылы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру барысында облыс орталығынан тек ротация бойынша қызметке тағайындалатын мемлекеттік қызметшілерге арналған 24 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілді. Мемлекеттік қызметшілерге мұндай қолдау еліміз бойынша тек Қызылорда облысында ғана көрсетіліп отыр. Уақытпен санаспай жұмыс істейтін жандар үшін баспана мәселесінің оң шешімін табуы – құтқарлық қадам, оң бастама.

Биыл департамент сайты (ordakyzmet.kz) ашылып, онда мемлекеттік қызметке түсетуі тікелі білдіргендерге ариап сынама тәстілеу қызметі іске қосылды. Сайт өз кезегінде үміткер азаматтардың занамаға қатысты әзірленген тест сынағынан сүрінбей өтіп, оң нәтиже көрсетуіне көмекші бола алады.

2017 жылдың 1 наурызынан бастап «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы және агенттіктің облыс бойынша департаментінің бастамасымен, облыс әкімдігінің қолдауымен «Жастар кадрлық резерві» жобасы басталды. Мемлекеттік қызметтің кадр әлеуетін пайдаланудың тиімділігін арттыруға бағытталған жоба жоғары оқу орындарын бітірген жас мамандар мен жоғары оқу орындарының соңғы курс студенттері арасынан білікті кадрларды анықтау, іріктеу, тәрбиелеу және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау, оларды жұмыспен қамту мақсатын көздейді. «Жастар кадрлық резерві» жобасы үміткерлерді тіркеуден бастап, ресми іріктеу кезеңі, сұхбаттасу сатысы, оқыту курсы, сынама тәстілеу, ресми тәстілеу, тағылымдама және қорытынды секілді 8 кезеңнен тұрады. Осыған дейін жобаға жасы 30-ға толмаған 270 жас қатысып, соның 101-і ресми тәстілеу кезеңіне өтті. Жоба сынақтардан сүрінбей өткен білімді, білікті жас мамандардан мемлекеттік қызметке кадрлар резервін қалыптастыруға, мемлекеттік қызметшілерге деген сұранысты қанағаттандыруға септігін тигізеді.

Қоғамның кең келген саласында кадр мәселесінің маңызы зор. Әсіресе, мемлекеттік қызметте жүрген мамандардың білімді

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

Ұлы Отан соғысының ардагері, туған жерін бейнетпен бйіктеткен, ұзақ жылдар Қазалы ауданы, «Коммунизм» колхозы, кейін «Бозкөл» совхозының мал шаруашылығы саласында білікті басшылық жасап, елдің өркендеуіне ерекше үлес қосқан Сәлім Бектурғанов әкеміз асыл азамат еді.

СӘЛІМНІҢ СОҚПАҒЫ



Сәлім Бектурғанов

Тарих таразысына салып өлше-сек, оның өнегелі өмір жолын бүтінгі ұрпаққа үлгі етуге болады. Ұлы Отан соғысы жылдары туған ұрпақ жоқшылықты көріп өсті. Бізге балалық шақ болған жоқ, жоқшылық бізді ерте есейтті. 1948-1949 оқу жылында мен «Коммунизм» колхозының жетікшілік мектебінің бірінші сыныбына бардым. Бізбен бірге Сәлім ағаның баласы Сәбитжан және ауыл ба-лалары Нұртай Базаров, Шыңболат Да-ленов, Өтепберген Қаласов, Алдақар Ырғызбаев және жиепі Жарылқасын Шөріпов оқыды.

Ол кезде елдің жағдайы қиын еді, соғыстың сұрапыл ауырталығы бастан өткен кез ғой. Дәптер жоқ, әліппені ескі газеттерге жазып үйрендік. Біздердің бірінші сынып оқушыларың түске дейін оқытып, түстен кейін масақ теру-ге алып барды, оны өзгз арбаға тиіп, қырманып апарып төгеміз. Ол аз бол-са шегіртке қуып, даңғыра қағамыз. Шегіртке қатпаған кезде қара бүттай бол кетеді. Оларды саяға қуып, ортейміз. Мектепке де, жұмысқа да киетіміз бір киім. Осылайша біздер колхоздың «негізгі» жұмысшылары бо-латыбыз.

Жұмысқа баратын жеріміз – «Құр-кіреуік», «Қара би», «Бозарык», «Қайық өткелі», «Сәлім ферма», «Құрманбай ферма», «Талқанбай тамы», «Жайсалбай көпір» ара қабық-тығы 3-5 шақырымнан аспайды. Түртпін қатты, мұғалымдары біздер-ді орындамасқан, тұрапай тайыбайтын. Балалардың тәлім мәрте тапқ жегенін көзімізбен көрдік. Таяқ жегіштің бірі – Алдақар мен Өтепберген болатын. Аш құрсақ жүреміз, үйде бидай жоқ, бидай болмағасын үн да жоқ, үн болмағасын нан да жоқ.

Бірде өктем тайды ертіп (атақты көк жазға, ол кезде тай болатын) қолыма бір жапырақ қағаз беріп, ауыл шегіртелді колхоз қоймасына бар, Сәлім ағана мына қағазды бер, бидай берсін деп тайға мінгізіп жіберді. Сәлім ағаның бұл кез соғыстан жеңіспен орал-дып, колхоз қоймасының менгерушісі болған кезі еді. Сәлім аға қарсы алды, қолына әкем берген қағазды бердім.

– Не, жәні сенен басқа жұмысқағын адам таба алмады ма? – деп еңбек күңге тисіңді бір пұт – 16 кел бидайды өшіп-пек, қанғама байлап берді.

Сол кездері колхозды Қанат Қайберенов, Әбілда Тобаев, Жақыпбек Пұсырманов есімді білікті басын-лар басқарды. Менінше, Сәлім ағаның кірпіксіз тазалығын байқап кол-хоз қоймасын сеніп тапсырған бо-

лар. Көп ұзамай 1951-1957 жылдары сұт бағытындағы ірі қара мал ферма-сын басқарды. Тапсырма қиын еді, сүт өндіріп, сүттен май шығарып, үкіметке өткізу керек. Үй жоқ, фермадағы колхозшылардың бәрі жер кепеле оты-рып. Электр жарығы жоқ, шам да жоқ, қоғаны майға батырып, шыныға салып жағып қоятынбыз.

Сүт өндіру үшін жем-шөп, сүрлем дайындау қажет. Осының бәрін Сәлім аға жақсы түсінді. – Сүрлемдік жүгері етейік, – депі халыққа. Алайда, кол-хозда жүгері себетін техника жоқ еді. Сол себепті жүгеріні оқушылар егетін, оны өзі басқарып, жер-суын, ари-қатызын дайындаып беретін. Жүгері егетін жерге 70 см-ден жіп керіп, оның ұзына бойына 70 см-ден түйін жа-сап, сол түйін тұрапай жерге қаламын-тақтық жіберіп, жүгері дөнін тастай-тын едік. Шіркін-ай, кейін оның қаулап өскенін көрсеп табиғатқа сән беріп тұратын еді. Кейін осы жүгері өскен соң орып әкеліп, тұрап одан сүрлем са-латын. Оны жеген сиыр сүт бұлағын ағызатын. Жоктан барды жасалды де-ген осы шығар. Жұмыстың ең қиыны су жүйесін, арықты қазу болатын, оны ересектеу колхозшылар дайындайтын.

Сәлім аға бас болып колхозға келетін «Жіңірей жармасым», одан су алатын «Бозарықты» қолмен қаздырды. Сол кездегі тәртіптің қаттылығы-ай! Жұмыста сағат жоқ, уақыт та жоқ! Уақыт – таның атуы, күнінің батыуы. Қунашықпен соң кешіңе колхозшыларды Қанат Қайберенов бетін күнге қаратып түске дейін тұрғызып қояды. Осыдан арық не бейнет керек. Осы бейнеттің бірін колхозшылар мен мамандар – Бекқожа Бөлекбаев, Қазбек Жәмірбетов, Әлдебай Тұрғанбаев, Әсербай Жаман-баев, Ерғас Сәдуақасов, Ызғали Бима-нов, Құрманбай Қытанов, Төлеген Са-быров, Байбөкрен Талқанбаев, Жай-берген Талқанбаев, Күлшар Қосаев, Тынықұл Арахметов, Бахрар Қаніев, Кемеладін Қожағұлов, Кікібай Жол-жанов, Нұртай Базаров, Қаралық

Әлібеков, Әбдібай Дәрібаев, Ақжан Дәрібаев, Әшіпая Сұлтамұратов, Же-тес Маубек және менің әкем Ұлыбай Жалырасынов көрді. Аттары аталған азаматтар колхозды қолмен құрғандар еді. Осы азаматтармен Сәлім аға қоян-қолтық жұмыс істеді, міндеттемелерін орындап, колхоз экономикасын көтерді. Сәлім ағамыздың бірнеше жылдық еңбегін елеп, халқы өзі басқарған ферманы «Сәлім ферма» деп атауды ұйғарды, ол осылайша тарихта қалды. «Сәлім ферма» атанған елді ме-кенде 10 үй салдырып, мал қораларын дайындады. Алайда, қазір ол жерде ел жоқ.

1956 жылы «Коммунизм», «Ан-дrees», «Сталин» атындағы колхоздар қосылып, «Бозкөл» қой совхозы бо-лып құрылды. Совхозына алғашқы ди-ректоры болып Райымбек Қазантаев тағайындалды, бірақ ол көп істеген жоқ. Одан кейін совхоз директоры бо-лып Қожали Өтепберенов келді, ол ұзақ жылдар, зейнетке шыққанша басқарды.

Совхоз болып құрылғаннан ке-йін 1957 жылы Сәлім ағаны №1 қой фермасының басқарушысы қызметі-не тағайындалды. Ферма малшыла-ры негізінен Қызылқұмық жайла-ды. Орталығы «Тасарық» елді мекені еді. Ол кезде қойшыларда үй, қойға қора болған жоқ. Сәлім аға алды-на малшыларға жағдай жасау, қой қораларын салу, жем-шөп дайындауды өзіне міндет етіп қойды. Оны да абы-роймен орындады, ферма басқарған 5 жылда «Тасарық» елді мекенінде және малшыларға тұрғын үйлер, қой қоралар салдырды. Қоғам малы өсті.

Ағаның іскерлігін байқаған совхоз директоры Қ.Өтепберенов оны 1962 жылы өзіне орынбасар етіп тағайындалды, сойтіп 1971 жылы құрметті демалысқа шыққанша бір-десіп, ақылдасып отырып жұмыс істеді. Осындай барынша кішіпейіл, өмірде қарапайым, жұмсақ мінезді адамның жұмыста қатал болғанын білемін. Өзінің жанын да аямайтын, өзгенің жұмыста «ұзын арқау, кең тұсау» бо-луына мүмкіндік бермейтін еді. Зейнет-ке шықса да, қарап отырмай, жастарды еңбекке тәрбиелеуге мол берді, совхоз өсіп, еліміздің әр саласына қызмет етуде. Осы балалары әке рухына тағзым етіп, еске алып әк беруді жо-сартып отыр. Осындай өзінің өнегелі істерімен өшіс әл қалдырған асыл ағаны есте қалдыру шараларын қол-ға алған жөн секілді. Өзі жұмыс атқарған, адамдардың басын қосып орынытқан, еліне сыйлы болған «Тасарық» елді мекенін – Сәлім Бектурғанов ауылы деп атаса деген ойымыз бар.

Менің де ол кезде Қазалы аудандағы ауыл шаруашылығы басқармасында 7 жылдан астам жұмыс істеп, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына бас-тықтық құрылыс жөніндегі орынбасар қызметіне ауысқан кезім болатын. Ауданда іссапарға барған кезімде менің әкемнен екеуі келіп:

– Ауылдың жағдайы қиын, не ауыз су жоқ, фермаларға жол жоқ, мәдениет, сауда үйлері жоқ. Сен шеш-пей кім шешеді? Осыны орында, біз халықтың атынан келіп отырмыз! – деп маған сауал қойды. Кейін теле-фон арқылы сойластық, өскеті мәселені тағы да шешеледі. Мен де тапсырмала-

рын рет-ретімен шешіп, совхозға 464 орындық мектеп, «Бозкөл-Кәукей» жо-лы Маубек және менің әкем Ұлыбай Жалырасынов көрді. Аттары аталған азаматтар колхозды қолмен құрғандар еді. Осы азаматтармен Сәлім аға қоян-қолтық жұмыс істеді, міндеттемелерін орындап, колхоз экономикасын көтерді. Сәлім ағамыздың бірнеше жылдық еңбегін елеп, халқы өзі басқарған ферманы «Сәлім ферма» деп атауды ұйғарды, ол осылайша тарихта қалды. «Сәлім ферма» атанған елді ме-кенде 10 үй салдырып, мал қораларын дайындады. Алайда, қазір ол жерде ел жоқ.

1956 жылы «Коммунизм», «Ан-дrees», «Сталин» атындағы колхоздар қосылып, «Бозкөл» қой совхозы бо-лып құрылды. Совхозына алғашқы ди-ректоры болып Райымбек Қазантаев тағайындалды, бірақ ол көп істеген жоқ. Одан кейін совхоз директоры бо-лып Қожали Өтепберенов келді, ол ұзақ жылдар, зейнетке шыққанша басқарды.

